Қызылоба ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының

Хаттамасы №7

Қызылоба ауылы 11 шілде 2025 жыл

Төрағалық етуші: Қызылоба ауылдық жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы А.Жумагазиев

Қызылоба ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастықтың жиналысына қатысуға құқығы бар мүшелердің жалпы саны: 9

Қатысқан адам саны: 5

Жергілікті қоғамдастықтың жиналысын Қызылоба ауылдық жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы А.Жумагазиев ашты

Жиналыстың күн тәртібі:

1. Қызылоба ауылдық округінің Қызылоба ауылындағы ауыл ішілік техникалық суды қамтамасыз етуге арналған су айдау моторын жөндеу жұмыстары үшін қаражат бөлу.

Тыңдалды:

Қызылоба ауылдық округі әкімі Т.Сериков күн тәртібіндегі мәселе бойынша түсінік берді:

- Өздеріңізге мәлім ағымдағы жылдың 6 шілде күні ауылдық техникалық суды қамтамасыз етуге арналған су айда моторы техникалық ақауларға байланысты істен шықты. Сол құрылғыны кеше, яғни 10 шілде күні Орал қаласына жөндеуге алып бардық. Орал қаласындағы «ФЕБ-С» жауапкершілік шектеулі серіктестігі жөндеу жқмыстарын жүргізіп беретін болып келісілді. Осыған орай сол «ФЕБ-С» жауапкершілік шектеулі серіктестігімен жөндеу жқмыстары үшін 298 мың (екі жүз тоқсан сегіз мың) теңгеге шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізу қажет.

Сөйлегендер:

1. Капулов Тілеген – Қазір жаз айы. Ауыл тұрғындары үшін бау-бақша егу жұмыстарының науқаны. Осындау кезде су сору маторының істен шыққаны бәріміз үшін де қиын. Осы қиындықты шешу үшін қажетті қаражатты бір көзден алу тәсілімен шешуге осында отырғандардың бәрі келіседі деп ойлаймын. Қажетті қаражат осы жұмысқа жұмсалатын болса үлкен мәселенің шешілетіні анық. Менің ешқандай қарсылығым жоқ.
2. Ғазезов Ерғали – Биылғы жылы техникалық судың мәселесі оң шешімін тауып, халықтың көп бөлігі жаңадан тарлыған құбырмен су алады деп қуанып жатқан кезде аяқ астынан мотордың сынуы үлкен мәселе. Тілеген ағаның сөзінің жаны бар. Тиісті қаражат қажетті жұмыстарға жұмсалу керек болса қарсы емеспіз және бұл жұмыстар тез арада шешіліп кетуіне тілекшіміз.

Жиналыс шешімі:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаражаттар тиісті қажеттілігіне жұмсалсын. Жергілікті қоғамдастық жиналысында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныс-пікірлер қатерге алынсын.

Жиналыс төрағасы: **А.Жумагазиев**

Хатшы **М.Хайруллин**